
ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-МАЙ 2026

691,5
МЛРД ТГ




117,8%
ИФО

$893,5
МЛН




ЭКСПОРТ



РЫНОК

$2 010,5
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-апрель 2026 г.





ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтар-мамырдағы химия өнеркәсібі

ҚР СЖРА ҰСБ-ның жедел деректеріне сәйкес, 2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында **өндіріс көлемі** құндық мәнде **691,5 млрд теңгені** құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **4,7%-ға артық**.

Химиялық өнімдерді өндіруде негізгі үлесті өзге де бейорганикалық заттар – 43,99%, тыңайтқыштар және құрамында азот бар заттар – 17,74%, өзге де химиялық өнімдер – 7,41%, бастапқы нысандағы пластмассалар – 7,31%, бояғыштар мен пигменттер – 7,24%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 4,2%, өзге де негізгі органикалық химия – 3,7%, өнеркәсіптік газдар – 3,24%, ЛКМ – 3,04%, сабындар және жуғыш, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар – 1,37% құрайды.

Нақты көлем индексі (НКИ) 117,8% құрады.

Өсудің негізгі себебі өндіріс көлемдерінің ұлғаюы болып табылады (ГМК, сусындар өндіру, құрылыс, пластмасса бұйымдарын өндіру және т.б.). Заттай мәндегі өндіріс көлемдерінің ең жоғары өсімін мынадай тауарлар көрсетеді: гипохлориттер *(+3,1 есе)*, жуғыш құралдар *(+10,5%)*, аммиак *(+5,6%)*, этил спирті *(+2,4%)*.

Химиялық өнімдер экспорты құндық мәнде 2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында **893,5 млн АҚШ долларын** құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес көрсеткішпен салыстырғанда **10,6%-ға артық**.

Экспорттың негізгі елдері: **Ресей (25,6%), Қытай (12,6%), Бразилия (7,1%)**.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында **2 010,5 млн АҚШ долларын** құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен **29,4%-ға артық**.

Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (43,5%), Қытай (19,1%), Франция (5,2%)**.

Химиялық өнім түрлері нарығының көлемі 2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында **2 197,7 млн АҚШ долларын** *(1 078,0 млрд теңге)* құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда **23,6%-ға артық**.

Нарықтың өсуіне импорттың едәуір ұлғаюы *(+29,4%)*, өндіріс көлемдерінің *(+4,7%)* және экспорттың *(+10,6%)* өсуі әсер етті. Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде ұлттық валюта бағамының **нығаюын (+4,0%)** атап өткен жөн.

ОТП үлесі 4,1 п.т.-ға төмендеп, **8,5%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **91,5%** құрады.

2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында химиялық өнім түрлерінің ең жоғары өндіріс көлемі мына облыстарда байқалады: **Жамбыл облысы (28,0%), ШҚО (22,1%), Ақтөбе облысы (8,8%), Қарағанды облысы (8,1%), Атырау облысы (6,4%), Абай облысы (6,2%)**.